

Көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ақжона ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 06 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 қыркүйекте № 5960 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы Ақжона ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы Ақжона ауылдық округі Майдакөл ауылының мына көшелері:
 - 1) "Азамат" көшесі "Оңдалы Кітабалиев" есімімен;
 - 2) "Ақжона" көшесі "Ібайдулла Қалниязов" есімімен;
 - 3) "Алға" көшесі "Қожамберлі Байжанов" есімімен;
 - 4) "Жаңаталап" көшесі "Махамбетжан Жеткербаев" есімімен қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақжона ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

А.Бөріқұлақов